

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге 2026 жылдың 12 ақпан күні Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің базасында жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында Жамбыл Жабаевқа арналған «**Жыр алыбы – Жамбыл**» атты жас ақындар айтысының аудандық кезеңі өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Айтысқа жалпы білім беретін мектептер бойынша 7-11 сынып оқушылары қатысады. Айтыс талабына сай II номинация бойынша 2 үміткерден қатыса алады.


Осыған орай, аудандық кезеңге қатысатын оқушылардың сұранысын №1 қосымшаға сәйкес abb_elzat@mail.ru электронды поштасына 2026 жылдың 11 ақпанына дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 3 парақта.

Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы



Б.Самылтыров



«БЕКІТЕМІН»
Т.Рысқұлов ауданы білім
бөлімінің басшысының
міндеттерін уақытша атқарушы
Б.Самылтыров
« 14 » қаңтар 2026 жыл

**Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында Жамбыл
Жабаевқа арналған “Жыр алыбы – Жамбыл” атты аудандық жас
ақындар айтысының өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер.

1.1. Осы ережелер аудандық жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында өтетін Жамбыл Жабаевқа арналған «Жыр алыбы – Жамбыл» тақырыбындағы жас ақындар айтысының мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Аудандық жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында өтетін Жамбыл Жабаевқа арналған «Жыр алыбы – Жамбыл» тақырыбындағы жас ақындар айтысының мақсаты мен міндеттері:

- оқушылар арасында Жамбыл Жабаевтың шығармаларын насихаттау;
 - оқушылардың суырып салмалық қабілеттерін, тума талант, табиғи дарындарын анықтау;
 - оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, ауыз әдебиетінің рөлін, өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге үйрету;
 - айтыскер жас ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, олармен шығармашылық жұмыс түрлерін жандандыру.
- осы байқауға сәйкес жыр-терме айту үрдісін жаңғырту;

II. Айтыстың шарттары

2.1. Айтысқа қатысатын оқушылар поэзияны сүйетін, оны тақырыбына сай талдай білетін, “өлең – сөздің патшасы” екендігін жанымен түсіне білетін, өз ойын жан-жақты жеткізе алатын суырып салмалық қабілеті бар болуы шарт.

2.2. Аудандық айтысқа қатысушы оқушылар мектепішілік айтыстың жеңімпаздары болуы керек.

2.3. Айтысқа қатысушы үміткерлер ел-жер тарихы, қоғам қайраткерлері, тіл мәселесі, ауыл проблемасы, оқу мен тәрбие жайы, жастар болашағы, қоғамдағы қазіргі жағдайлар туралы, сондай-ақ, Жамбыл Жабаевтың шығармашылығынан және оның айналасындағы ақын-жыраулар поэзиясынан хабардар болып, қарсыласына қолма-қол жауап бере алатындай болуы шарт. Әр жұптың айтысы 20 минуттан аспауы керек.

2.4 Айтыс екі номинация бойынша өтеді:

- **Тақырыптық айтыс.** Бұл жерде оқушылар Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын, жалпы елдегі хал-ахуалы туралы жырлау керек, бір-біріне мәнді де мағыналы жауап қайтара білу керек.

- **Қайым айтыс.** Қайым айтыстың негізгі шарты — айтысты бастаған қарсыластың айтқан өлеңінің ұйқасын бұзбай, алғашқы екі жолын мағыналық тұрғыда ғана сәл өзгертіп, немесе сол қалпында сақтап соңғы екі жолында жауап қайтару. Қайым айтыс — нағыз суырып салмалықты, шапшаңдық пен тапқырлықты басты талап қылып, жедел ой қорытып, салмақты жауап қайтаруды қажет ететін айтыстың ең қызық түрі.

Айтысқа 7-11 сынып оқушылары қатыса алады. Білім беру мекемелерінен аудандық айтысқа әр номинация бойынша **2 (екі) үміткер ұсына алады.**

Қатысушының аты-жөні, ауданы, мектебі, сыныбы, жетекшісінің аты-жөні, телефоны туралы толық мәліметі бар сұранысты 2026 жылдың 11 ақпан күні Луговой ауылы, С.Есімов көшесі 24/А, abb_elzat@mail.ru электронды поштасына жіберулері керек.

Ескерту: Айтысқа қатысатын ақындарда дәрігерлік анықтама (*эпидокружение және қызылшаға қарсы анықтама*) болуы міндетті.

III. Ұйымдастыру шаралары

3.1. Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өтетін Жамбыл Жабаевқа арналған аудандық «**Жыр алыбы – Жамбыл**» тақырыбындағы жас ақындар айтысын ұйымдастыру және өткізу мақсатында Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің бұйрығымен ұйымдастыру комитеті құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитетінің құрамына Балалар мен жасөспірімдер орталығының директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Тилеубаева енгізіледі.

IV. Қазылар алқасы

4.1. Аудандық Ж.Жабаевқа арналған “Жыр алыбы – Жамбыл” тақырыбындағы жас ақындар айтысының қазылар алқасының құрамы төрағадан, хатшыдан және 3-5 алқа мүшелерінен тұрады.

4.2. Қазылар алқасының құрамы ұйымдастыру комитетінің ұсынуы бойынша білім бөлімінің басшысы бекітеді.

4.3. Қазылар алқасы: айтыскердің өлеңді ұйқастыру қабілетіне, суырып салмалық қасиетіне және тақырыптан ауытқымай айтысуына, сахнада өзін-өзі ұстау шеберлігіне, киім киісіне талдау жасайды. Әр айтыскерді **10 баллдық** жүйемен бағалайды;

- жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды бөледі;

VI. Жүлдегерлерді марапаттау

5.1. Аудандық Ж.Жабаевқа арналған “Жыр алыбы – Жамбыл” тақырыбындағы жас ақындар айтысы қазылар алқасының шешімі бойынша әр бағыт бойынша Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

1 – қосымша

№	Аудан	Ауыл	Мектептің атауы	Мектептің ID	Қатысушының аты-жөні (толық жазылу керек)	Қатысушының ЖСН	Сыныбы	Жетекшінің аты-жөні, телефоны (толық жазылу керек)	Жетекшінің ЖСН	Номинациясы
1										Тақырыптық айтыс
2										Қайым айтыс

- Белгіленген мерзімнен кешіккен сұраныстар қабылданбайды.

Барлық анықтамалар үшін: Луговой ауылы, С.Есімов көшесі 24/А.

Тел: 8 7754311985